



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

Анкара, 2023 жылғы 9 наурыз

ҰСЫНЫМ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ 15 ЖЫЛДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Парламенттік Ассамблея

ТҮРКПА-ның мүше елдер арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытудағы зор маңызға ие екенін **ескере отырып**;

Бейбітшілік, тұрақтылық пен өркендеу, тату көршілік қатынастар, өзара сыйластық пен диалог бағытында өңірлік ынтымақтастықты қолдау және нығайту үшін қолда бар мүмкіндіктер мен ресурстарды тиімді пайдалану арқылы Түркі мемлекеттері географиясының барлық аймақтарында белсенді ынтымақтастықты дамытудың үлкен маңыздылығын **атап көрсетеді**;

Ортақ географиялық, тарихи және мәдени құндылықтармен біріктірілген мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа **сүйене отырып**, Түркі ынтымақтастығы кең ауқымды мәселелер мен бастамалар бойынша тиімді диалог үшін негіз қалыптастырады және бұл аймақтағы әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастыққа, атап айтқанда, шынайы серіктестік пен тату көршілік қарым-қатынастарды орнатуға одан әрі ықпал ететініне сенеді.

Соңғы он бес жылдағы бүкіл аймақтың игілігі үшін экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған ұлттық парламенттердің күш-жігерін үйлестірудегі ТҮРКПА-ның әлеуетті рөлінің маңыздылығына **тоқтала отырып**;

Мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықта диалогты нығайту ТҮРКПА-ға мүше елдердің өңірінде бірлік пен ынтымақты ілгерілетуге, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақтылықты дамытуға ықпал ететінін **мойындай отырып**;

ТҮРКПА-ның мүше мемлекеттердің халықаралық және өңірлік құрылымдарымен өзара іс-қимылы ынтымақтастық байланыстарын арттырып, өзара сенімге, әріптестік пен түсіністікке негізделген рухты қалыптастыруға көмектесетініне сенімін **сақтай отырып**;

Барлық деңгейдегі халықаралық институттардың жұмысына белсенді қатысудың маңыздылығын **білдіре отырып**, мұндай белсенді қатысу ағымдағы әлеуметтік-экономикалық көріністі жақсартады және ТҮРКПА аймағында бейбітшілікке, тұрақтылыққа және өркендеуге ықпал ететін неғұрлым сындарлы және даму элементтерін қамтитын болады;

ТҮРКПА-ға мүше парламенттер арасындағы ынтымақтастық Түркі әлемінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттық күш-жігер мен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететінін **атап өтіп**;

ТҮРКПА-ның тұрақты отырыстары мен оның ұлттық делегацияларының өзара сапарлары мүше мемлекеттердің парламенттері арасындағы ынтымақтастықтың ортақ негіздерін қамтамасыз ету жолындағы елеулі қадамдар екенін **айта отырып**;

Ағымдағы ынтымақтастықтың табыстылығын өзара сенім, кеңесу және консенсус негізінде тиімді шешімдерге баса назар аударатын бірігу мен міндеттеменің жалғасы ретінде **қарастыра отырып**, ТҮРКПА бұл ынтымақтастық елдердің баға жетпес жетістігі екенін және оны алдағы жылдары нығайтып, кеңейту керектігін түсінеді;

Жалпы ТҮРКПА кең өңірінде және әрбір мүше мемлекетте белсенді рөл атқаруға деген шешіміне **басымдық бере отырып**, ТҮРКПА жаңа ғасырда туындайтын сын-қатерлерге тиімді жауап берудегі өз рөлін одан әрі нығайтуға тиіс;

ТҮРКПА соңғы жылдары мүше мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға және ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосуға бағытталған маңызды ұйымға айналғанын **назарға ала отырып**,

ТҮРКПА-ға мүше елдердің парламенттеріне **ұсынады**:

- a) елдер арасында неғұрлым жан-жақты синергия құру және өңірде бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықтың орнығуына қол жеткізу, сондай-ақ «Түркі әлемінің болашағы – 2040» тұжырымдамасының ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін ТҮРКПА өңіріндегі барлық салалардағы ынтымақтастық әлеуетін толық пайдалану;
- b) тиісті салаларда көпжақты өңірлік ынтымақтастықты нығайту үшін тиісті тетіктерді әзірлеу мақсатында ТҮРКПА ұсынымдарының орындалуын *қадағалау*;
- c) көпжақты жобалар мен келісімдерді уақтылы іске асыруға мүмкіндік беретін мүше мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізуді *ынталандыру*;
- d) аймақтағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және өркендеуді қамтамасыз ету үшін тиісті басым салаларда жаңа құралдарды *тарту* және қолданыстағы екіжақты немесе көпжақты келісімдер мен тетіктерді орынды пайдалану арқылы тиімді жұмыс жүргізу;
- e) ТҮРКПА-ға мүше емес Түркі мәдени географиясына жататын аймақтар мен елдерді қамтамасыз етілген бейбітшілік пен тұрақтылық орта мен әл-ауқат деңгейінен пайдалану үшін ТҮРКПА-мен, әсіресе Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттермен тығыз қарым-қатынаста болуға *ынталандыру*;
- f) Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның алдыңғы ұсынымдар мәтіндерінде де бірнеше рет аталған ТҮРКПА-ға мүше елдердің парламентшілері мен парламенттерінің сарапшылары арасында тәжірибе алмасуға сәйкес ынтымақтастықты *дамыту*;
- g) тәжірибе алмасу және өңірлік ынтымақтастықты жаңа тұжырымдамалармен байыту мақсатында дүниежүзілік, өңірлік немесе субөңірлік құрылымдармен жұмыс байланыстары мен қарым-қатынастарды *дамыту*;

- h) ТҮРКПА-ға мүше елдердің саяси және экономикалық тұрақтылығы тұрғысынан өзара қолдауын мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тетігінің негізі ретінде *қабылдау*;
- i) ТҮРКПА-ға мүше парламенттердегі мамандандырылған комиссиялары мен халықаралық комиссиялары төрағаларының отырыстарын тұрақты түрде жалықпай және табандылықпен *өткізу*;
- j) ТҮРКПА соңғы он бес жылда өзара ортақ мақсаттарға қол жеткізуді қолдаудың тиімді алаңына айналғандықтан, дамуды қолдайтын жаңа өңірлік ынтымақтастық моделін дамытуда маңызды сындарлы рөл атқаруды *жалғастыру*.